

ГДР-де саяси жүйені сынауға толық тыйым салынған еді. Баспананың жетіспеушілігі, жұмыссыздық, қылмыс немесе батыстық үлгілерге бағытталған жастар мәдениеті секілді проблемалар ресми көзқарас бойынша социалистік мемлекетте мүлде болған жоқ. Егер де жүйе проблемалық сипатта деп тапса болды, нақты өмірде орын алған барлық қоғамдық мәселелерге тыйым салынатын. Соған қарамастан, DEFA режиссёрлары кейін зияны тиюі мүмкін екенін білсе де, өздерінің көркем және деректі фильмдерінде дәл сол мәселелерді саралауға тырысты. Фильмдердің шығарылу мерзімінің ұзара түсуі немесе күткен табыстың келмеуі секілді жайттар жиі кездесетін салдар еді. Ондай фильмдер кинотеатрларда кеңінен көрсетілмейтін немесе экспортқа шығарылмайтын. Маңызды дәуір құжаттары ретінде сол фильмдер бүгінгі таңда бізге ГДР-дің өміріне көз тастауға мүмкіншілік береді.

«Бұзылған тыйымдар – ГДР-дегі әлеуметтік сыни кинематограф» фильмдер топтамасы DEFA кино өнеріндегі әлеуметтік сыни көзқарастарды талдап, назарды сол тыйым салынған тақырыптарға аударады.

«Deutsche Film AG» (DEFA) тура 75 жыл бұрын Потсдам-Бабельсбергте құрылған. Оның қатысуымен түбегейлі өзгерістер дәуірі келгенге дейін 700 көркем фильм, 2500-дей деректі және қысқа фильмдер, сондай-ақ 950 анимациялық фильмдер жарыққа шыққан. ГДР-дің жалпы кино өнері қазіргі таңда DEFA қорының иелігінде. Аталмыш топтама DEFA Кітапхана-сымен бірге киностудияның 75 жылдық мерейтойына орай жинақталды.



БҰЗЫЛҒАН ТЫЙЫМДАР – ГДР-ДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-СЫНИ КИНЕМАТОГРАФ

НАРУШЕННЫЕ ТАБУ – СОЦИАЛЬНО- КРИТИЧЕСКИЙ КИНЕМАТОГРАФ В ГДР

Критика политической системы была запрещена в ГДР. Такие проблемы, как нехватка жилья, безработица, преступность или молодежная культура, ориентированная на западные образцы, в социалистическом государстве, с официальной точки зрения, не существовали. Все реальные социальные вопросы, которые система считала проблематичными, были табуированы. Но именно эти темы многие режиссеры DEFA пытались исследовать в своих художественных и документальных фильмах, даже с учетом неприятных последствий для них. Как следствие были длительные сроки производства фильмов или отсутствие успеха. Их фильмы часто не показывали в кинотеатрах или изымали из экспорта. Будучи важными документами того времени, эти фильмы дают нам сегодня представление о жизни в ГДР.

Серия «Нарушенные табу – социально-критический кинематограф в ГДР» рассматривает социально-критические перспективы в кинематографе DEFA и направляет внимание на те самые темы, которые были объявлены запретными.

Студия «Deutsche Film AG» (DEFA) была основана ровно 75 лет назад в Потсдаме-Бабельсберге. К моменту воссоединения Германии студия выпустила около 700 художественных фильмов, около 2500 документальных и короткометражных фильмов, а также 950 анимационных фильмов. Сегодня вся кинопродукция ГДР находится в ведении Фонда DEFA. Совместно с Библиотекой DEFA эта серия фильмов была подготовлена в честь 75-летнего юбилея.

Бұл әлеуметтік-сыни кинотуынды ГДР-дегі баспана саясатының нақты сипатын 14 жасар жасөспірім баланың көзімен саралайды. Астанадағы Берлин-Марцан районуна көшкен Штефан жасырын және қатал ортада жол табуға мәжбүр болады.

Штефан ата-анасымен ауылдың жайлы өмірінен Берлинге, анығырақ айтқанда, жаңа тұрғын үйлер районы Берлин-Марцанға көшеді. Әкесі құрылысшы болып жұмысқа тұрады, Штефанға жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуге тура келеді. Алайда ол аз-ақ уақыт ішінде күнделікті тіршілік пен Марцандағы адамдар арасындағы қарым-қатынас оның бұрынғы үйренген салтынан мүлде бөлек екендігін ұғады. Балалар арасындағы қатынас дөрекі, мектеп өмірі суық. Жаңа ортада үйренгенше және шиеленісті жайттарға батылдықпен қарсы тұруға бел байлағанша, Штефан үшін ауыр күндер басталады.

Аққулар аралы – жан азабынан бейнет шеккен жас адамдардың талаптарына қолдау көрсететін шынайы және әлеуметтік-сыни фильм. Ал ондай жастар бір кездегі ГДР-де ғана болмаған еді. Фильм алғашқы көрсетілімнен кейін-ақ Германия социалистік бірлік партиясы басшылығының бастамасымен өткен баспасөз акциясында «Партияның баспана саясатына шабуыл» деп қатты жазғырылды. Авторы Ульрих Пленцдорфқа «Біздің нақты өмірімізге көзқарасы кері» деген жала жабылды. Сол себептен қосымша цензураның құрбаны болып кеткен соңғы эпизод 1990 жылы ғана қайта жаңғыртылды.



Аққулар аралы
Остров лебедей

Режиссёр: Херрманн Цшохе

Тілі: неміс тілінде және орыс тіліндегі субтитрмен
Язык: немецкий с русскими субтитрами

Көркем фильм / Художественный фильм:
ГДР, 1983, 88 мин., FSK 6

Глазами 14-летнего мальчика этот социально-критический фильм показывает реальность жилищной политики в ГДР. Переехав в столицу, в район Берлин-Марцан, Штефан вынужден искать свой путь в анонимной и суровой новой среде.

Штефан вместе с родителями переезжает из деревенской идиллии в Берлин, точнее, в новый жилой комплекс Берлин-Марцан. В то время как его отец устраивается там на работу строителем, Штефан сталкивается с проблемой интеграции в новую социальную среду. Вскоре он обнаруживает, что повседневная жизнь и социальное взаимодействие в Марцане полностью отличаются от того, к чему он привык. Общение между подростками грубое, а школьные будни наполнены холодной рутинной. Для Штефана начинается непростое время, до тех пор, пока он не найдет свой путь в новом окружении и сможет решительно противостоять многочисленным конфликтным ситуациям.

Остров лебедей - честный и остросоциальный фильм, отстаивающий интересы молодых людей, которым грозит духовное удушье, и не только в бывшей ГДР. После премьеры фильм был резко осужден в прессе в ходе кампании, инициированной руководством Социалистической единой партии ГДР, как «атака на жилищную политику партии». Его автора Ульриха Пленцдорфа обвинили в «искаженном представлении о нашей реальности». По этой причине финальный эпизод стал жертвой последующей цензуры, но был восстановлен в 1990 году.

Әйелдің өзін-өзі анықтау жолындағы ізденісі туралы өзектілігін жоймаған және бүгінгі таңда қайтадан табылған фильм: DEFA режиссёрларының ішіндегі аз ғана әйелдің бірі болған Эвелин Шмидт заңмен шиеленіске түскен және серігі тарапынан түсінбеушілікпен бетпе-бет келген жалғызбасты әйелдің әсерлі суретін жасауға қол жеткізе білген.

Кішкене баласы бар мамандықсыз жұмысшы Сюзанне өмірдің кедір-бұдырлы жолдарымен жүріп келеді. Оның наразылығы табысты инженер Томаспен танысқан кезде тіптен өсе түседі. Жұмыстан қол үзген соң қаржылай ауыртпашылыққа тап болады. Сюзанне сақтандыру сомасына қол жеткізу үшін өзінің велосипедін ұрланып кетті деп шағым береді. Өтірік ашылған кезде істің сотқа кететіні анық болады. Оқиғадан бейхабар Томас Сюзаннеге басына түскен қайғыда қолдау көрсетеді. Бірақ Сюзанне оған болған оқиға мен сот туралы айтып берген сәтте серігінің түсінбеушілігіне тап келеді. Томастың жауабы Сюзаннені қатты қапаландырады. Мұндай қарым-қатынасты көтере алмаған Сюзанне өмірін толық өзгертуге бел байлайды.

Жазаға ілінген жалғызбасты ананы бейнелеген фильм ГДР-де үлкен сынға ұшырағанымен, 80-жылдарда батыс германиялық феминистік орталарда танымал сипатқа ие болады. ГДР-дегі әйелдердің нақты өміріне деген әйелдік сирек көзқарасты саралаған *Велосипед* фильмі бүгінгі таңда құнды (кино)тарихи құжат болып табылады.



Фото © DEFA қоры, Дитрам Клайст

Велосипед

Режиссёр: Эвелин Шмидт

Тілі: неміс тілінде және орыс тіліндегі субтитрмен

Язык: немецкий с русскими субтитрами

Көркем фильм / Художественный фильм:

ГДР, 1982, 89 мин., FSK 12

Заново открытый фильм о женском поиске самоопределения, который не потерял своей актуальности и по сей день: Эвелин Шмидт, одной из немногих женщин среди режиссёров DEFA, удалось создать трогательный портрет матери-одиночки, которая вступает в конфликт с законом и в конечном итоге сталкивается с непониманием своего партнера.

Будучи неквалифицированной работницей, одна с ребёнком на руках, Сюзанне пытается держать жизненные удары. Её недовольство усиливается, когда она встречает успешного инженера Томаса. Она бросает работу, испытывает финансовые трудности и заявляет об угоне своего велосипеда, чтобы получить деньги по страховке. Когда обман раскрывается, ей угрожает судебное разбирательство. Томас, который ничего не знает об этом инциденте, поддерживает Сюзанну в её горе. Однако, когда она признаётся ему в преступлении и о предстоящем суде, она сталкивается с непониманием с его стороны. Его реакция расстраивает Сюзанне. Не в силах больше выносить эти отношения, она полна решимости изменить свою жизнь.

Фильм о матери-одиночке, преступившей закон, был очень критически воспринят в ГДР. Однако в западно-германских феминистских кругах фильм был высоко оценен в 1980-х годах. Благодаря особому женскому взгляду на реалии жизни женщин в ГДР, фильм *Велосипед* является сегодня редким (кино) историческим документом.

Сыбыр мен айқай деректі фильмі – 80-жылдардың соңындағы шығыс германиялық музыка саласы туралы дәуір куәлігі. Фильмде ГДР рок музыкасы мен бүтін бір бұынның музыкаға деген өмірлік сезімі құжатталған.

Silly секілді танымал рок топтар ғана емес, басқа да андеграундтық топтар, олардың жанкүйерлері мен нағыз концерттердегі көрермен қауымнан интервьюлер алынады. Олар музыканың өз өмірлерінде алатын орны мен музыкада өздерінің өмірлік сезімі қалай көрініс табатыны туралы баяндайды. Сонымен қатар ата-анамен және ГДР-дегі саяси ахуалмен қайшылықтар талқыланады.

Сыбыр мен айқай музыканы қарсылық құралы ретінде қолданған суб-мәдениеттің саяси жүйеге қарсы наразылығын көрсетеді. Оған қоса Шығыс Германия рок музыкасындағы *Feeling B.*, *Sandow* немесе *Chicorée* сияқты топтар ауқымында дамыған жастардың және контр-мәдениеттің, сондай-ақ сол кездегі сәннің жанды көрінісі бой түзеді. Фильмнің қол жеткізген табысынан көп нәрсені аңғаруға болады: мемлекеттік DEFA компаниясының деректі фильмдер студиясы Берлин қабырғасы құлағаннан бір жыл бұрын шығарған бұл фильмі ГДР кинотеатрларында жүз мыңдаған көрермендер жинаған.



фото © DEFA қоры, Тина Бара

Сыбыр мен айқай
Шёпот и крик

Режиссёр: Дитер Шуманн

Тілі: неміс тілінде және орыс тіліндегі субтитрмен
Язык: немецкий с русскими субтитрами

Деректі фильм / Документальный фильм:
ГДР, 1988, 120 мин., FSK 0

Документальный фильм *Шёпот и крик* – это свидетельство восточногерманской музыкальной сцены конца 80-х гг. В нём запечатлены рок-музыка ГДР и музыкальный образ жизни целого поколения.

В интервью высказываются не только известные рок-группы, такие как *Silly*, но и андеграундные группы, их фанаты и зрители на живых концертах. Они рассказывают о том, какую роль играет музыка в их жизни и как она выражает их жизненную позицию. Также обсуждаются конфликты с родителями и политический климат в ГДР.

Шёпот и крик показывает музыку как средство протеста субкультуры, которая тем самым через неё выражает свой бунт против политической системы. Попутно возникает яркая картина моды, молодежной и контркультуры в среде Восточного рока от таких групп, как *Feeling B.*, *Sandow* или *Chicorée*. Успех фильма говорит сам за себя: фильм, снятый государственной студией документальных фильмов DEFA вышел на экраны за год до падения Берлинской стены и привлек сотни тысяч зрителей в кинотеатры ГДР.

Германия Демократиялық Республикасының (ГДР) ресми көзқарасы тұрғысынан суб-мәдениетке біріккен жастар шеткі деге сипат берілген топқа жатқызылатын. Саясат ондай топтардың мүлде болмағанын қалаған. Алайда Батыс Германиядағыдай көптеген жастар музыкалық мәдениетке бет бұрып, өз шамаларынша елдегі шарттарға қарсы ұмтылады немесе мемлекеттік шектеулерге қарсы күреседі.

Олар – скинхедтер, панктер, готтар немесе неонацистер және бұл құжатта алғаш рет микрофон алдында сөз сөйлеу мүмкіндігіне ие болады. Өз проблемаларымен бетпе-бет жалғыз қалған жастардың жаңа жолдар мен идеалдар іздеу үстінде екені анықталады. Режиссёр Роланд Штайнер бұл фильм үшін төрт жыл бойы еңбек еткен және аталмыш жастармен ортақ тіл табыса білген алғашқы кинорежиссёрлардың бірі болған еді. Ол *Біздің балаларымыз*-да ГДР жастарының арасында экстремизмнің туып, дамуының қандай себептер болғанын зерделеуге тырысады. Фильмде әйгілі екі жазушы – Штефан Хайм мен Криста Вольф та аталмыш мәселеге қатысты өз ойларын білдіреді. Криста Вольф сондай-ақ оңшыл радикалды бағыттағы екі жаспен сұхбат жүргізеді.

Тыйым салынған тағы бір тақырыпты саралаған *Біздің балаларымыз* Берлин қабырғасы құлардан аз күн бұрын жарық көреді. Фильм 1989 жылы қараша айының 1 жұлдызында өткен премьерадан кейін Лейпцигтегі деректі және қысқа фильмдер фестивалінде қызу пікірсайыс тудырып қана қоймай, басты жүлдеге қол жеткізеді.



Біздің балаларымыз Наши дети

Режиссёр: Роланд Штайнер

Тілі: неміс тілінде және орыс тіліндегі субтитрмен
Язык: немецкий с русскими субтитрами

Деректі фильм / Документальный фильм:
ГДР, 1989, 88 мин., FSK 12

С официальной точки зрения Германской Демократической Республики (ГДР), молодые люди, объединявшиеся в субкультуры, относились к так называемым маргинальным группам. Согласно политике, они не могли и не должны были существовать. Но, как и молодежь в Западной Германии, многие молодые люди в ГДР ориентировались на музыкальные культуры, восставали против условностей или по-своему бунтовали против государственных ограничений.

Они – скинхеды, панки, готы или неонацисты, и в этом документальном фильме они впервые высказываются перед микрофоном. Становится ясно, что молодые люди остались один на один со своими проблемами в поисках собственных путей и новых идеалов. Режиссер Роланд Штайнер работал над этим фильмом в течение четырех лет и был одним из первых кинематографистов, который нашел подход к этим молодым людям. В фильме *Наши дети* он пытается выяснить причины растущего экстремизма в молодежной культуре ГДР. Два выдающихся писателя, Штефан Хайм и Криста Вольф, также высказывают свое мнение в фильме и объясняют свои тезисы. Криста Вольф беседует с двумя представителями праворадикальной молодежи.

Фильм *Наши дети* затрагивает запретную тему. Он вышел на экраны за несколько дней до падения Берлинской стены. После премьеры 1 ноября 1989 года он не только вызвал горячие дискуссии на Лейпцигской неделе документальных и короткометражных фильмов, но и был удостоен главного приза.

ГДР-дегі гомосексуализм тақырыбын ашық қозғаған алғашқы және жалғыз фильм ретінде *Каминг-аут* DEFA кино-шығармашылығында ерекше орын алады. Хайнер Каровтың бұл туындысы 80-жылдарда Шығыс Берлинде экзистенциалдық дағдарысқа түскен жас мұғалім Филипптің хикаясын баяндайды. Аяғы ауыр құрбысы мен досы Маттиасқа деген махаббат арасында қиналған Филипптің ақыры бір шешімге бел байлауы қажет болады.

Өр мінезді мұғалім Филипп Кларманн мектепте құрметке ие. Әріптесі Таня да оны бірден ұнатады. Таныстық аз уақытта сүйіспеншілікке айналғандай болады. Бұрын екеуі қатынаста болған мектептегі досы Якобпен кездескен соң жас мұғалім іштей басып шыдады деген ойда жүрген өзінің гомосексуалдық сипатымен қайтадан бетпе-бет келеді.

Расизм және оңшыл радикализм секілді тыйым салынған мәселелердің сыртында гомосексуализм тақырыбын ашық саралаған ГДР-дің жалғыз фильмі ретінде *Каминг-аут* кино өнеріндегі ерекше тарихи құжат болып табылады. 1989 жылы қараша айының 9 жұлдызында Шығыс Берлинде алғаш рет көрсетілген фильмнің көрермен қауымға тигізген әсері сондай, сол күні бірден екінші көрсетілім ұйымдастырылуға тиіс болады. Егер сол күні тағы да бір ерекше оқиға орын алмағанда, *Каминг-аут* жұрт дүрліктірер жайт болған болар еді: тура фильм жүріп жатқан кезде көрермен қауым Батыспен шекара бекеттерінің ашылғаны туралы хабар алады...



Фото © DEFA қоры, Вольфганг Фриче

Каминг-аут

Режиссёр: Хайнер Каров

Тілі: неміс тілінде және орыс тіліндегі субтитрмен

Язык: немецкий с русскими субтитрами

Көркем фильм / Художественный фильм:

ГДР, 1988-89, 113 мин., FSK 12

Будучи первым и единственным художественным фильмом ГДР, который открыто затрагивает тему гомосексуализма, *Каминг-аут* играет особую роль в кинопроизводстве DEFA. Фильм Хайнера Карова рассказывает историю молодого учителя Филиппа, который переживает экзистенциальный кризис в Восточном Берлине 80-х годов. Разрываясь между жизнью со своей беременной подругой и любовью к своему другу Маттиасу, он, наконец, должен принять решение.

Амбициозный учитель Филипп Кларманн пользуется популярностью в своей школе. Коллега Таня тоже влюбляется в него, и они становятся парой. Однако, когда Филипп снова встречает своего старого школьного друга Якоба, с которым у него раньше были отношения, молодой учитель вступает в конфронтацию со своими гомосексуальными наклонностями, которые, как он полагал, ему удалось давно в себе подавить.

Как единственный художественный фильм ГДР, который не только затрагивает такие запретные темы, как расизм и правый радикализм, но и открыто обращается к теме гомосексуализма, *Каминг-аут* является историческим свидетельством особой важности. Премьера фильма 9 ноября 1989 года в Восточном Берлине вызвала такой большой интерес, что в тот вечер пришлось организовать два показа. *Каминг-аут* мог бы стать сенсацией, если бы на неё не наложилась другая: во время показа кинозрители узнали, что пограничные переходы на Запад открыты...

DEFA – әлем және күнделікті өмір видеоэссесі – DEFA көркем фильмдеріне деген жеке бастық көзқарас. Анимациялық қысқа фильмдерімен белгілі режиссёр Бетина Кунцш ГДР-де туып, өскен. Ол көрермендермен бірге басқалар секілді өзінің де қалыптасуына әсер еткен кино әлемін шарлайды.

Қандай фильмдер есте қалды? Қайсыларын өзің үшін қайтадан ашуға лайық? Эссе ғарышты армандайтын балаларға арналған фильмдерден бастап кезінде барлық адам көрген әйгілі фильмдерге дейін алуан түрлі туындыларға сараптама жасайды. Сондай-ақ ГДР өмірінің соңғы бірнеше айдағы көрінісін бейнелейтін еңбектер де «DEFA-ның қысқаша кино-өмірбаянының» бір бөлігі болып табылады.

Режиссёрдың кинокомпания тарихына жасаған саяхаты қызықты түрде DEFA-ның әр қырлы шығармашылығы мен оның қоғам және кино өнері тұрғысынан алғандағы маңыздылығын көрсетеді.



Режиссёр: Бетина Кунцш

Тілі: неміс тілінде және орыс тіліндегі субтитрмен
Язык: немецкий с русскими субтитрами

Қысқаметражды фильм / Короткометражный фильм: Германия, 2018, 17 мин.

Видеоэссе *DEFA – космос и будни* – это очень личный взгляд на художественные фильмы киностудии DEFA. Кинорежиссер Бетина Кунцш, известная своими анимационными короткометражными фильмами, сама выросла в ГДР. Вместе со зрителями она погружается в мир кино, который сформировал ее и многих других.

Какие фильмы особенно запомнились? Какие из них стоит открыть для себя заново? Эссе охватывает широкий спектр фильмов – от детских картин, в которых мечтают о Вселенной, до культовых фильмов, которые видели все. Работы, отражающие настроение последних месяцев существования ГДР, также являются частью кинематографической «краткой биографии DEFA».

Ее путешествие по истории кинокомпания создает увлекательное впечатление о разнородном кинопроизводстве DEFA, а также о его социальном и киноисторическом значении.